

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 459 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 маусымдағы N 998 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.06.27 N 998 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісімге қол қою туралы қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасын Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен израильдік тараппен жоғарыда көрсетілген Келісімге қол қою туралы келіссөздер ө т к і з с і н .

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Келісім жобасына принципті сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін. 4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі, экономика және сауда қатынасындағы техникалық кедергілерді жою мақсатында,

әлемдік рынок жағдайында халықаралық стандарттардың өсе түсіп отырған маңызын түсіне отырып, тұтынушылардың құқығын қорғау, өзара жеткізілетін

өнімнің қауіпсіздігін растауды қамтамасыз ету мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысын білдіре отырып, халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті: 1-бап Тараптар осы Келісім шеңберінде, екі мемлекеттің мүддесіне зиян келтірмей, мемлекет Тарапында қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алатын болады. 2-бап Тараптар стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастықты мынадай жолмен дамытуға келісті: өзара саудада халықаралық стандарттарды қолдануды кеңейту;

тараптардың өзара жеткізілетін өнімдерге және оның халықаралық талаптарға сәйкестігін бағалау әдістеріне ұлттық стандарттарын үйлестіру;

мемлекеттік сынақтар жүргізу, өлшем құралдарын сәйкес өлшеуім аспаптармен салыстырып тексеру, бірлескен метрологиялық және сынақ орталықтарын құру жөніндегі метрологиялық қызмет көрсету;

келісілген тәртіпте сәйкес өлшеуім аспаптармен салыстырып тексеруге, сынақ және калибрлеу лабораторияларына, орталықтарға тіркеу жүргізетін Тараптармен белгіленген ұйымдарды, сондай-ақ осы ұйымдармен аккредиттеген өзара келісілген процедуралар бойынша өлшем құралдарына сынақты, сәйкес өлшеуім аспаптармен салыстырып тексеруді және калибрлеуді іске асыратын лабораториялар мен орталықтарды өзара тану;

келісілген тәртіпте Тараптармен белгіленген сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ лабораториялары мен орталықтарды, сондай-ақ өзара жеткізілген өнімдердің сәйкестік белгілерін және сәйкестік сертификаттарын
ө з а р а
т а н у .

3 - б а п

Тараптар өзара жеткізілетін өнімнің тізбесіне сәйкес нормативтік құқықтық актілерді өнімге күші бар нормативтік құжаттарды және нормативтік құжаттарға тауарлардың сәйкестік сертификаттары үлгілері әзірлейтін болады және осы туралы өз мемлекетінің Кеден органдарына хабарлайды.

4 - б а п

Тараптар кадрларды даярлауға және біліктілігін арттыруға, мамандарды алмастыруға, екі мемлекеттің шаруашылық етуші субъектілері арасында тікелей байланыс орнатуға және осы іс-қимыл үшін қолайлы жағдайларды жасауға
ә р е к е т т е н е д і .

5 - б а п

Осы Келісімде көзделген үйлестіру жұмыстары және оларды іске асыру жауапкершілігі мыналарға жүктеледі:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне;

Израиль Мемлекетінде - Израиль Мемлекетінің Индустрия және сауда министрлігіне .

Өкілетті органдардың ресми атауын өзгерткен жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне дипломатиялық канал бойынша дереу хабарлайды.

6 - б а п

Ынтымақтастық бағыттағы осы Келісімнің 3 бабында алдын ала көзделген бірлескен Бағдарламалар негізінде жүзеге асатын болады.

Тараптар керек жағдайда осы Келісімнің ережесін жүзеге асыру мақсатында бірлескен жұмыс топтарын құрады.

7 - б а п

Тараптар осы Келісім шарт шеңберінде жүргізілетін жұмыстар туралы алынған құжаттамалардың және ақпараттардың құпиялылығымен, егерде жіберуші Тарап олардың құпиялылығын ескертсе, қамтамасыз етеді. Көрсетілген ақпарат оны ұсынған Тараптың келісімімен ғана үшінші мемлекетке жіберілуі мүмкін. 8-бап Тараптар өзара сауда тауарларын сертификаттау жөніндегі іске асырумен байланысты осы Келісім жеке және заңды тұлғалар жақтарын қосқанда , үшінші жақтың кінәрат-талабына ешқандай жауапкершілік алмайды. 9-бап

Осы Келісім басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптармен қабылданған құқықтар мен міндеттемелерге әсерін тигізбейді.

Осы Келісімнің жағдайларын талқылауға және орындауға байланысты барлық даулы мәселелер өзара кеңестер мен келіссөздер жолымен шешіледі.

10 - б а п

Осы Келісім бес жылға жасалады және оның күшіне кіру қажеттілігі үшін Тараптардың біреуінің мемлекет ішіндегі процедуралардың орындалғандығы туралы соңғы ескертілген күнінен бастап күшіне енеді.

Егер осы Келісім қолданысының мерзімі біткенге дейінгі алты ай ішінде

Тараптардың бір де біреуі екінші Тарапқа оның өзінің іс-қимылының тоқтатылуы туралы ниетін жазбаша түрде мәлімдемейтін болса, онда осы Келісімнің іс-қимылы келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылатын болады. 11-бап Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімімен, осы Келісімнің ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын жеке Хаттамалармен рәсімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Осы Келісім _____ қаласында _____ жылғы "___" _____ әрқайсысы екі түпнұсқа данада қазақ, еврей, орыс және ағылшын тілдерінде жасалынды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей болады. Осы Келісім ережесін талқылауға келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге сүйенеді. Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетінің Үкіметі үшін Үкіметі үшін Оқығандар: Қобдалиева Н.М. Икебаева
А . Ж .